

Көшелерге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Жылы су ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 қарашадағы № 63 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қарашада № 4274 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі қорытындысы негізінде Жылы су ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жылы су ауылдық округіне қарасты көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Жылы су ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшеге- Тұран атауы;
- 2) Жылы су ауылындағы Жаңа құрылыс № 2 көшеге- Боралдай атауы;
- 3) Жылы су ауылындағы Жаңа құрылыс № 3 көшеге- Шымбұлақ атауы;
- 4) Жылы су ауылындағы Жаңа құрылыс № 4 көшеге- Ақсу атауы;
- 5) Жылы су ауылындағы Жаңа құрылыс № 6 көшеге- Ақсай атауы;
- 6) Мырзашоқы ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшеге- Қайнар бұлақ атауы;
- 7) Мырзашоқы ауылындағы Жаңа құрылыс № 2 көшеге- Алакөл бұлақ атауы;
- 8) Баққоныс ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшеге- Мақташы атауы;
- 9) Баққоныс ауылындағы Жаңа құрылыс № 2 көшеге- Майтөбе атауы;
- 10) Баққоныс ауылындағы Жаңа құрылыс № 3 көшеге- Ақбұлақ атауы;
- 11) Байқоныс ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшеге– Балқаш атауы;
- 12) Байқоныс ауылындағы Жаңа құрылыс № 2 көшеге- Бадам атауы.
- 13) Әл-Фараби ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшеге- Атақоныс атауы;
- 14) Әл-Фараби ауылындағы Жаңа құрылыс № 2 көшеге- Алмалы атауы;
- 15) Әл-Фараби ауылындағы Жаңа құрылыс № 3 көшеге- Халықтар Достығы атауы.

2. "Жылы су ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Мақтарал ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Мақтарал ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жылы су ауылдық округі
әкімінің уақытша
міндетін атқарушы:*

Е. Дауылбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК